# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2023 жылғы 22 желтоқсан Іс №1513-23-00-2/2714 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Б.И.Калиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Мәртөк ауданының Қарашай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер Азамат Есболұлы Мурзагулов

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

2023 жылғы 28 сәуірде «Мәртөк ауданының Қарашай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер жеке кәсіпкер Азамат Есболұлы Мурзагуловтың (өнім беруші) арасында «Бағалы сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №26 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 288 123 теңгеге «Электр, электр таратушы/реттеуші жабдықтауды және ұқсас аппаратураны техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметті» 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін көрсетуге тиіс болған.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, міндеттемені орындау мерзімі: Тапсырыс беруші өтініш берген уақыттан бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін 12 сағат, оның ішінде екі сағаттың ішінде әрекет ету қажет болған.

Тапсырыс беруші 2023 жылғы 14 тамызда мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тапсырыс жолдаған.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылғы 2 мамырда енгізілген.

Өнім берушімен шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер Азамат Есболұлы Мурзагуловты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 8 643 теңге 69 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшының өкілі сотқа өтініш жолдап, онда талап қоюды қолдап, сот отырысын өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сот отырысына уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

## **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 43-бабының 22-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күн болуға тиіс.

Заңның 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 27.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Мұқашева С. Е., 30.01.2024
1513-23-3-1/3081

мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында қандай да бір әрекет қолданғаны жөнінде дәлелдемелер сотқа ұсынылған жоқ.

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алу порталында жолданған тапсырысына жауап түскен жоқ.

Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес, жауапкер өтінішті алған уақыттан бастап 12 сағатта оның ішінде екі сағаттың ішінде әрекет ету қажет делінген.

Тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шарты 2023 жылғы 16 қарашада бұзылған. Жауапкерге алдын-ала ескерту хабарламасы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолданған.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған, шарттық міндеттеме 2023 жылғы 28 тамызға дейін орындалу қажет болған. Талап қоюшы сотқа талап қоюмен 2023 жылғы 27 қыркүйекте жүгінген.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 27.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Мұқашева С. Е., 30.01.2024
1513-23-3-1/3081

толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапқалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 30 күнге 288 123*0,1% (288,1)*30 күн=8 643,9 теңгені құрайды.

Сот талап қоюшының есебін қабылдап, талап еткен шегінде қанағаттандырылуға жатады деп санайды. Демек, жауапкерден мемлекет пайдасына пайдасына 8 644 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 1 984 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

## **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Мәртөк ауданының Қарашай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Азамат Есболұлы Мурзагулов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Азамат Есболұлы Мурзагуловтан мемлекет пайдасына 8 644 (сегіз мың алты жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер Азамат Есболұлы Мурзагуловтан жергілікті бюджетке 1 984 (бір мың тоғыз жүз сексен төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 27.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Мұқашева С. Е., 30.01.2024
1513-23-3-1/3081

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 27.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Мукашева С. Е., 30.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»